

DOI 10.52260/2304-7216.2020.3(40).6

ӘОЖ 338.242.2

FTAMP 06.81.19

**Б.С. Утегулова\***, PhD<sup>1</sup>

**Н.А. Кудайбергенов**, э.э.к., доцент<sup>2</sup>

**А.О. Ағымбай**, э.э.к.<sup>3</sup>

**Ж.Ш. Абдыкалиева**, докторант<sup>4</sup>

Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті<sup>1</sup>

Алматы қ., Қазақстан

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық

қатынастар және әлем тілдері университеті<sup>2</sup>

Алматы қ., Қазақстан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті<sup>3</sup>

Алматы қ., Қазақстан

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті<sup>4</sup>

Талдықорған қ., Қазақстан

e-mail: agymbai@mail.ru

\* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

## ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақала өнеркәсіптік кәсіпорындардағы стратегиялық менеджменттің маңызды экономикалық проблемаларының біріне арналған. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда стратегиялық менеджментті дамытудың мақсаты ішкі резервтер есебінен кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету жолдарын іздеу және проблемаларды шешу болып табылады. Стратегиялық менеджмент бүгінде кәсіпорындар қызметінің өзгерген жағдайларына және интеграцияланған жүйелердің пайда болуы мен кең таралуына байланысты оның базалық постулаттарын қайта қарау салдарынан өсуді бастан өткеруде.

Бүгінгі таңда стратегиялық менеджмент кәсіпорындардың өзгерген іскерлік шарттарына орай және біріккен жүйелердің пайда болуы мен кең көлемде таралуының салдарынан, шартты түрде өзінің негізгі постулаттарын қайта қарау кезеңін өткеріп жатыр.

**Кілт сөздер:** стратегиялық менеджмент, бәсекеге қабілеттілік, ақпараттық технологиялар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, бизнес-стратегиясы, кәсіпорын, жоспарлау, нарық, инвестиция, сауда.

**Ключевые слова:** стратегический менеджмент, конкурентоспособность, информационные технологии, промышленные предприятия, бизнес-стратегии, предприятие, планирование, рынок, инвестиции, торговля.

**Keywords:** strategic management, competitiveness, information technology, industrial enterprises, business strategies, enterprise, planning, market, investment, trade.

JEL classification: L1

**Кіріспе.** Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасуы қоғамның алдына жа-

на мәселелер тізбегін қоймауы мүмкін емес. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – дағда-

рысқа қарсы басқару жүйесінің мәселесі. Бұл, ең алдымен, заманауи қазақстандық экономиканың факторларының бірі – көптеген кәсіпорындардың төлеуге қабілетсіздігі екендігін түсіндіреді.

Экономикалық қарым-қатынастың қазіргі кезеңі өндірістік кәсіпорындардағы бәсекелестік күресті ұлғайтумен және тез өзгеріп отыратын жағдаяттармен сипатталады. Өнім шығарушылар арасындағы бәсекелестіктің ұлғаюының негізгі факторлары – ғылыми-техникалық ілгерілеудің қарқынының үдеуі, өнімділік еңбекті айтарлықтай өсіру мақсатында өндірістің дамуына салынатын тұрақты негіздегі инвестицияларды тарту, инновацияны енгізу және заманауи ақпараттық технологиялардың динамикалық дамуы. Мұндай шарттар жұмыстың тек ішкі шоғырына жағдай жасап қоймай, сондай-ақ олардың айналасында болып жатқан өзгерістерге ілесе аларлықтай ұзақ мерзімді стратегия өндіруі тиіс.

Мақаланың мақсаты – қазіргі экономикалық жағдайда өнеркәсіптік кәсіпорындардағы стратегиялық менеджмент мәселесін анықтау.

Мақаланың міндеттері: өнеркәсіптік кәсіпорынды стратегиялық басқарудың дәстүрліден айырмашылықтарын зерттеу, өнеркәсіптік кәсіпорындардағы стратегиялық менеджмент мәселелерін анықтау, өнеркәсіптік кәсіпорындардың заманауи стратегияларын талдау, олардың ерекшеліктері мен қолдану салаларын анықтау. Бұл мақаланың әдіснамалық негізі салыстырмалы талдау әдістері болып табылады.

Нәтижелері: өнеркәсіптік компаниялардың стратегиялық даму мүмкіндігі инновацияларды жүйелі түрде енгізумен ғана негізделген.

**Әдебиеттік шолу.** Стратегиялық менеджментте өндірістік кәсіпорындар болашақтан бүгінге көз салып, сол процесте дамудың артықшылық есебін анықтауға тырысады.

Стратегиялық менеджменттің мәселе-

лері көбінесе көптеген сыртқы ықпалдардың әсерінен пайда болады. Олардың әсерін бақылап отыру үшін, кәсіпорынның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігі үшін маңызды болып саналатын, ортаны тұрақты түрде бақылап отыруды ұйымдастыру керек.

Стратегиялық менеджменттің сапасы өнеркәсіптік компаниялардың тиімділігін анықтайды. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың төмен тиімділігінің басты себебі – басқарудың қалыптасқан стереотиптері мен қолданылатын басқару әдістері нарықтық экономика талаптарына сәйкес келмейді [1].

Қазіргі уақытта өнеркәсіптік кәсіпорындарда қаржы ресурстарының жетіспеушілігі проблемасы өте өткір. Оны шешу үшін кірісті ұлғайтуға бағытталған шараларды, сондай-ақ шығындарды оңтайландыру шараларын әзірлеу және іске асыру қажет. Бұдан басқа, кірістерді жұмылдырудың пайдаланылмайтын резервтерін анықтау мен тарту және ресурстарды жұмсау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жүйелі негізде жүргізу қажет.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмыс тәжірибесіне стратегиялық басқару процесін енгізу басқару затының (өнеркәсіптік кәсіпорынның) жай-күйін диагностикалау және бар проблемаларды құрылымдау негізінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін шешімдерді анықтауға және әзірлеуге мүмкіндік береді; бұл ретте басты мақсат ретінде өнеркәсіптік кәсіпорынның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болуы тиіс [2].

Бүгінгі таңда стратегиялық менеджмент кәсіпорындардың өзгерген іскерлік шарттарына орай және біріккен жүйелердің пайда болуы мен кең көлемде таралуының салдарынан, шартты түрде өзінің негізгі постулаттарын қайта қарау кезеңін өткеріп жатыр.

Алғашқы құрылу үстемдігі түгесілгендіктен, стратегиялық менеджмент түсінігі бүгінде жекеменшік иелері мен отандық біріктірілген өнеркәсіп иелерінің менеджментіне сай келеді. Ал оны ұлттық және

шетелдік саудада тұрақты деп атауға келмейді. Бәсекеге қабілеттілік – стратегиялар мен құрылымдық бірліктерді қамтитын стратегиялық менеджменттің мақсаты мен іскерліктің нәтижесінің ең басты сипаты. Отандық біріктірілген жүйеде стратегиялық менеджменттің әрі қарай жетілуі басқа мәселе. Стратегиялық менеджменттің әр түрлі жүйелерде біз назар аудармай кете алмайтын өзіндік ерекшеліктері бар.

Стратегиялық менеджменттің құрылымы ретінде әдебиетте нақты әрі стратегиялық пирамида саналады. Стратегия өз контекстінде түсіністік пен «ойын ережелерін» қабылдауға негізделген, сауданың тек экономикалық заңдарына ғана емес, сондай-ақ елдің экономикасында орын алған және саудадағы белгілі тауарларға негізделген іс-әрекетінің бағыттылығының айқын тәртібін көрсетеді. Стратегияның құрылымында сауда алаңындағы позицияны сақтап қалу немесе нығайту үшін бәсекеге қабілетті басымдықтарды іздеу, оларды сақтау жолдары мен белсенді қолданылуы бар [3].

Стратегиялық менеджменттің дамуына түрткі болатын тағы бір маңызды процесс – бизнесті жаһандандыру. Жаһандық фирмалардың өнімдері әлемнің барлық елінде жүзеге асырылады және ұлттық сауда алаңындағы бәсекелестіктің маңызды ықпалы болып саналады. Жаһандық фирмалардың тауарларының қысымына тек аналогты әдістермен, т.б. бәсекелестік ортада жасалған стратегия негізінде қарсы тұруға мүмкіндік бар.

**Негізгі бөлім.** Экономикалық саясаттың құзыретіне орай, орташа мерзімді басымдылықтағы өңдеу саласындағы экономикалық белсенділіктің қозғаушы күшіне құрылыстық индустрия, көлік және логистика саласы, қызмет көрсету экономикасы жатады. ИИДМБ бағдарламасына орай, қайта өндіру аясындағы дамудың шапшаңдығының есебінде, бейшикізат экспорттың көбеюі және бейшикізат алаңдарға шетелдік тікелей инвестицияларды тарту ар-

қылы экономиканы әртараптандыру жалғасатын болады.

Өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің негізгі міндеті және орташа мерзімді келешекте экономиканың дамуындағы маңызды ықпалы болып табылады. Себебі, дәл осы өңдеу кәсіпорындары экономиканың технологиялық жаңғыруына мүмкіндік тудырады, жұмыс орындарының аздаған мөлшерін түрлендіреді. Сондай-ақ сыртқы экономикалық ықпалдың ұлттық экономикаға әсер етуін азайтады. Сонымен, 2019-2023 жж. өңдеу кәсіпорындарының жалпы қосылған құны (әрі қарай – ЖКҚ) орта есеппен 4,4%-ға өседі (1-кесте) және кен өндіру кәсіпорындарының қарқынын басып озады. Кен өндіру ЖКҚ өсімі 3,0%. 2019-2023 жж. кәсіпорындар орта есеппен 3,4%-ға өседі [4].

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы сыртқы және ішкі көлік сұранысын ынталандыратын, елдің Орталық Азиядағы транзиттік құзыретінің өркендеуінің негізін салды. Көлік саласының мұндай динамикалық өсуі есебінде 3,4%-ға көбейеді деп күтіледі.

Өндірістік алаңның өрістеуі және экономиканың әлеуметтік алаңындағы бюджеттік шығындар, сондай-ақ цифрлық қызмет көрсету шамасы экономикадағы өндірістің мөлшерінің ұлғаюын қамтамасыз етеді. Өндірістік қызмет орта есеппен 4,4%-дық қарқында өседі.

Ішкі тұтыну белсенділігі сауданың орта есеппен 4,6%-ға дейін өсуіне ықпал етеді. Осылайша, мемлекеттік бағдарламаның экономикалық тиімділігі өнімді бюджеттік бірлікте ғана бағдарлама шығынына негізделген қажеттілікті жетілдіру болып белгіленеді.

Заңнамада және мемлекеттік тәртіпте мынадай мәселелер бар:

- реттіліктің шашыраңқылығы, нормативті құқықтық актілердің көптігі, кәсіпорындарды реттеу, тура әрекет ететін заңнамалық актілердің жоқтығы;
- ұлттық заңнамалардың шет тілдерін-

## Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

дегі үлгісінің болмауы (ағылшын тілі, т.б.);  
– әлемдік тәжірибедегі заңнаманың жеке орнының жоқтығы (құқық орнату құжаттарын рәсімдеу мерзімінің болмауы, геологиялық ақпараттың қолжетімсіздігі, жер қойнауын пайдалану тәртібін қою, т.б.).

Осылайша, анықталған мәселелерге

орай, бұл бағытта ең алдымен өнеркәсіптік кәсіпорындарды реттеу заңнамасын халықаралық тәжірибе негізінде, және т.б. жүйеге келтіру керек. Өнеркәсіптік заң жинағын жасау, лицензиялық-рұқсаттық рәсімдерді әрі қарай азайтуға күш салу және бизнес үшін әкімшілік бөгеттерді жою қажет [5].

Кесте 1

### Экономика саласы дамуының % (пайыздық) өлшемі мен болжамы

| Аталуы                       | Бағалау |       |       | Болжам |       |       |
|------------------------------|---------|-------|-------|--------|-------|-------|
|                              | 2018    | 2019  | 2020  | 2021   | 2022  | 2023  |
| Тауар өндіру                 | 103,4   | 103,4 | 104,0 | 103,7  | 103,5 | 105,0 |
| Ауыл шаруашылығы             | 103,6   | 106,2 | 108,0 | 105,2  | 106,3 | 106,3 |
| Кәсіпорын                    | 103,3   | 102,9 | 103,4 | 103,3  | 102,8 | 104,8 |
| Кен өндіру                   | 101,9   | 102,1 | 102,1 | 102,3  | 101,4 | 107,0 |
| Көмір және лигнит өндіру     | 100,0   | 99,0  | 98,0  | 96,0   | 94,0  | 92,0  |
| Мұнай өндіру                 | 100,9   | 101,1 | 101,1 | 101,1  | 100,0 | 110,0 |
| Табиғи газ өндіру            | 101,0   | 101,1 | 101,1 | 101,1  | 100,0 | 110,0 |
| Өңделетін өнім               | 105,1   | 104,1 | 105,3 | 104,7  | 104,5 | 103,3 |
| Тамақтану өнімі              | 105,0   | 106,5 | 107,0 | 107,3  | 108,0 | 109,0 |
| Мұнай өңдеу                  | 108,3   | 100,0 | 100,0 | 100,0  | 100,0 | 100,0 |
| Химия                        | 105,8   | 103,1 | 112,1 | 112,9  | 111,0 | 100,7 |
| Бейметалл минерал өнімдер    | 105,8   | 104,8 | 105,8 | 105,7  | 105,0 | 105,0 |
| Металлургия                  | 104,7   | 104,2 | 105,4 | 103,4  | 102,3 | 100,2 |
| Машина жасау                 | 107,0   | 105,2 | 106,1 | 105,1  | 105,9 | 106,0 |
| Электр және газбен жабдықтау | 101,9   | 100,1 | 100,1 | 100,1  | 100,1 | 100,1 |
| Кондициялау                  |         |       |       |        |       |       |
| Құрылыс                      | 103,6   | 103,8 | 103,9 | 104,2  | 104,4 | 104,8 |
| Қызметтік өнімдер            | 104,1   | 104,3 | 104,2 | 104,7  | 104,6 | 104,4 |
| Сауда                        | 103,9   | 104,4 | 104,6 | 104,7  | 104,3 | 105,0 |
| Көлік және жинақтау          | 104,8   | 103,8 | 103,2 | 103,2  | 103,2 | 103,5 |
| Ақпарат және байланыс        | 104,5   | 103,0 | 103,2 | 103,7  | 104,0 | 104,2 |
| ЖІӨ                          | 103,8   | 103,9 | 104,1 | 104,3  | 104,2 | 104,6 |

[5] негізінде авторлармен құрастырылған

Менеджменттің теріс көріністері ретінде қызметкердің қызығушылығының әлсіздігін, еңбеақының төмендігін, жалақының кешігуін, еңбек заңнамасы тәртібінің бұзылуын, қызметкерлерді басқарудың жетілдірілмеген жүйесін жатқызуға болады. Мұндай менеджменттің орын алуының себебі – сыртқы және ішкі органның төмен дең-

гейдегі институтшылдығы.

Менеджменттің басты мәселелерінің бірі – басқару кадрларының сапасы. Бұл сауда экономикасында басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар аздаған адамдарға байланысты. Сонымен бірге менеджмент – бұл ғылым және осы салада тәжірибесіз жүзеге аспайтын білімді игеру [6].

Қазіргі жағдайда өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмысының тәжірибесіне қарастырылған стратегияларды енгізген жөн. Өнеркәсіптік кәсіпорынның жалпы стратегиясының маңызды бөлігі ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер саласындағы, яғни инновациялық саладағы стратегия болып табылады.

Қазіргі уақытта өндірістің дамуының жаңа басымдылықтары Қазақстандағы сауда экономикасының мәселелерін шешу үшін жаңаша тәсілдердің қажеттігін тудырды: қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазақстандық экономиканы әлемдік экономикамен бірлестіру үшін шарттар жасау, мемлекеттік органдардың, өндірушілердің, қоғамдық ұйымдардың және тұтынушылардың қызығушылық теңгерімін Қазақстан Республикасындағы менеджмент жүйесінің Даму тұжырымдамасын жасау негізінде қамтамасыз ету қажеттілігі.

**Қорытынды.** Осылайша, қазіргі уақытта бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында өнеркәсіптік ұйымдар өнді-

рілетін өнімді үнемі жаңартып отыруға немесе жетілдіруге және жаңа техникалық шешімдер әзірлеуге мәжбүр. Бүгінгі таңда ұйымның нарықта өмір сүру мүмкіндігі оның инновациялық әлеуетімен анықталатын өзгерістерге және тұрақты инновацияға тез жауап беру қабілетімен анықталады. Қазіргі бәсекелестікте стратегияны таңдау менеджерлердің жұмысындағы басты мәселе болып табылады, өйткені ол кез келген өнеркәсіптік компания қызметінің сәттілігін анықтайды.

Қазақстанда сауда экономикасының дамуы күн сайын компанияның жоғарғы менеджментінің алдына жаңа қажеттіліктерді қояды. Бизнеске стратегиялық артықшылықтарды таңдау менеджерлер мен басқарушылардан компанияны басқаруда заманауи әдістерді қолдана алуын, оның ішінде, нақты менеджменттің жүзеге асуын, компанияны стратегиялық түрде басқаруда заманауи құралдарды қолдана алу және оның ресурстарын, бәсекеге қабілеттілігін толық көтеруді талап етеді [7].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нижегородцев Р.М., Секерин В.Д., Горохова А.Е. Адаптация метода программно-целевого планирования экономики к современным российским условиям // Вестник Южно-Российского государственного технического университета (Новочеркасского политехнического института). – Серия социально-экономические науки. – 2012. – № 2. – С. 13-18.
2. Веселовский М.Я. Теоретические подходы к определению эффективности деятельности промышленных предприятий / М.Я. Веселовский, М.С. Абрашкин // Вопросы региональной экономики. – 2013. – № 3. – С. 107-115.
3. Диброва А.Д. Курс лекций «Стратегическое управление»: [Электронный ресурс]. URL:[http://distant.isu.edu.ua/lib/ADD/Disciplinary/\\_zz\\_Strategich\\_upravlenie/\\_zz\\_Strat\\_upr/Rus/konsp/konsp\\_r.html](http://distant.isu.edu.ua/lib/ADD/Disciplinary/_zz_Strategich_upravlenie/_zz_Strat_upr/Rus/konsp/konsp_r.html)
4. <https://economy.gov.kz>. Прогноз социально-экономического развития Республики Казахстан на 2019-2023 годы.
5. Белашапка В.А., Загорий Г.В. Стратегическое управление: принципы и международная практика: Учебник. – К.: Абсолют-В, 1998. – 456 с.
6. Алибекова К.Ж. Актуальные проблемы современного менеджмента в Казахстане [Электронный ресурс]. URL:<http://be5.biz/ekonomika1/r2012/2644.htm> (Дата обращения: 11.10.2013).
7. Казахстанский менеджмент: в поисках эффективности. URL:<http://articles.gazeta.kz/art.asp?aid=328634> (Дата обращения: 08.10.2013).

REFERENCES

1. Nizhegorodtsev R.M., Sekerin V.D., Gorokhova A.E. Adaptation of the method of program-target planning of the economy to modern Russian conditions // Bulletin of the South Russian State Technical University (Novocherkassk Polytechnic Institute). – Series of socio-economic sciences. – 2012. – № 2. – P. 13-18 [in Russian].
2. Veselovskiy M.YA. Teoreticheskiye podkhody k opredeleniyu effektivnosti deyatel'nosti promyshlennykh predpriyatiy / M.YA. Veselovskiy, M.S. Abrashkin // Voprosy regional'noy ekonomiki. – 2013. – №3. – S. 107-115 [in Russian].
3. Dibrova A.D. Kurs lekcij «Strategicheskoe upravlenie» [Elektronnyj resurs]. URL:[http://distant.isu.edu.ua/lib/ADD/Discipliny/\\_zz\\_Strategich\\_upravlenie/\\_zz\\_Strat\\_upr/Rus/konsp/konsp\\_r.html](http://distant.isu.edu.ua/lib/ADD/Discipliny/_zz_Strategich_upravlenie/_zz_Strat_upr/Rus/konsp/konsp_r.html) [in Russian].
4. <https://economy.gov.kz>. Prognoz social'no-ekonomicheskogo razvitiya Respubliki Kazahstan na 2019-2023 gody [in Russian].
5. Beloshapka V.A., Zagorij G.V. Strategicheskoe upravlenie: principy i mezhdunarodnaya praktika: Uchebnik. – K.: Absolyut-V, 1998. – 456 s. [in Russian].
6. Alibekova K.ZH. Aktual'nye problemy sovremennogo menedzhmenta v Kazahstane [Elektronnyj resurs]. URL:<http://be5.biz/ekonomika1/r2012/2644.htm> (Data obrashcheniya: 11.10.2013) [in Russian].
7. Kazahstanskij menedzhment: v poiskah effektivnosti. URL:<http://articles.gazeta.kz/art.asp?aid=328634> (Data obrashcheniya: 08.10.2013) [in Russian].

**Б.С. Утегулова, Н.А. Кудайберген, А.О. Ағымбай, Ж.Ш. Абдыкалиева**

**ПРОБЛЕМЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО МЕНЕДЖМЕНТА  
НА ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ**

**Аннотация**

Данная статья посвящена одной из важнейших экономических проблем стратегического менеджмента на промышленных предприятиях. Целью развития стратегического менеджмента на промышленных предприятиях является решение проблем и поиск путей обеспечения экономической устойчивости предприятий за счет внутренних резервов. Стратегический менеджмент сегодня переживает подъем, обусловленный пересмотром его базовых постулатов в связи с изменившимися условиями деятельности предприятий и не в последнюю очередь вследствие возникновения и широкого распространения интегрированных систем.

На сегодняшний день стратегический менеджмент проходит этап пересмотра своих основных постулатов условно, исходя из измененных деловых условий предприятий и вследствие появления и широкого распространения интегрированных систем.

По результатам исследования статьи к основным проблемам стратегического менеджмента на промышленных предприятиях относятся: несоответствие методов разработки управленческих решений условиям функционирования экономической системы; отсутствие точного определения стратегии как экономической категории; взаимосвязь этапов стратегического целеполагания и анализа и их методические особенности; проблемы обоснования и выражения стратегии через систему экономических показателей; недостаток времени, доступного для корректировки стратегии в процессе ее реализации. Решение этих проблем и правильность выбранных методов управления во многом зависят от знаний, квалификации и опыта управленца.

**PROBLEMS OF STRATEGIC MANAGEMENT AT INDUSTRIAL ENTERPRISES**

**Annotation**

This article is devoted to one of the most important economic problems of strategic management in industrial enterprises. The goal of developing strategic management in industrial enterprises is to solve problems and find ways to ensure the economic stability of enterprises at the expense of internal reserves. Strategic management is currently experiencing an upswing due to the revision of its basic postulates in connection with the changed business environment, and not least due to the emergence and widespread use of integrated systems.

Today, strategic management is undergoing a stage of revision of its main postulates conditionally, based on the changed business conditions of enterprises and due to the emergence and widespread use of integrated systems.

The results of the research article the main problems of the processes of strategic management in industrial enterprises: a mismatch of methods of developing managerial decisions in the conditions of functioning of economic systems; the lack of a precise definition of strategy as an economic category; the relationship of stages of strategic goal setting and analysis and their methodological features; the problem of justification and the expression of the strategy through a system of economic indicators; the lack of time available for adjustments to the strategy during its implementation. The solution of these problems and the correctness of the chosen management methods largely depend on the knowledge, qualifications and experience of the Manager.

